

Авиация техникасын, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына рұқсаттар беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 19 қазан N 1133. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес, сондай-ақ азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Авиация техникасын, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына рұқсаттар беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 9 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 1 3 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Авиация техникасын, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына рұқсаттар беру ережесі

Осы Ереже "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және авиация техникасын, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына рұқсаттар беру тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) уәкілетті орган - өзінің құзыреті шегінде азаматтық авиация саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, азаматтық және эксперименталдық авиация қызметін және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы;

2) рұқсат - осы Ережеде белгіленген тәртіппен уәкілетті орган беретін, азаматтық авиация ұйымының авиация техникасын, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығын растайтын құжат;

3) өтінім - рұқсат беру туралы азаматтық авиация ұйымының жазбаша нысанда ұсынған өтініші;

4) өтініш беруші - рұқсат беру туралы өтінімді уәкілетті органға жіберген азаматтық авиацияның ұйымы;

5) тапсырыс беруші - авиациялық техникаға тапсырыс беруді жүзеге асыратын азаматтық авиация ұйымы;

6) комиссия - рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттарды қарастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрығымен құрылатын жұмыс тобы.

2. Комиссия Көлік және коммуникациялар министрлігінің, уәкілетті органның, басқа мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандары қатарынан құрылады.

2. Рұқсаттар беру тәртібі

3. Өтініш беруші рұқсат алу үшін уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасында белгіленген нысанға сәйкес өтінім беруге, сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) өтініш берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері;

2) өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі;

3) тиісті сертификаттың нотариалды расталған көшірмесі;

4) өтініш берушінің соңғы қаржы жылы бойынша ағымдағы қаржы жағдайы туралы аудиторлық қорытынды.

4. Әуе кемелеріне қатысты рұқсатты алу үшін осы Ереженің 3-тармағында келтірілген құжаттардан басқа:

1) жасаушы зауыт тапсырыс берушінің өкіліне берген әуе кемесінің ұшуға

жарамдылығы туралы уақытша куәлік;

2) азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау актісі;

3) егер әуе кемесі пайдалану процесінде қайта жабдықталған болса, онда қайта жабдықтау жүргізуге негіз болған құжаттарды ұсыну талап етіледі.

5. Авиация техникасына қатысты рұқсат алу үшін осы Ереженің 3-тармағында атап көрсетілген құжаттардан басқа двигательдерге, агрегаттарға және қосалқы бөлшектерге формулярлар, паспорттар және басқа да техникалық құжаттар талап етіледі.

6. Әуеайлақтар мен әуежайларға қатысты рұқсат алу үшін осы Ереженің 3-тармағында атап көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттар талап етіледі :

1) жер учаскелеріне, үй-жайларға (құрылыстарға, ғимараттарға) меншік құқығын, пайдалану құқығын және өзге де құқықтарды куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) тиісті ғылыми-зерттеу және жобалау-іздістіру институты беретін әуеайлақтың және ұшып-қону жолақтарының сыныбы туралы қорытынды;

3) ұшу қозғалысын басқару объектілерінің және ұшуларды жарық-сигналдық қамтамасыз ету жүйесінің ұшу тексерістері актілері;

4) әуеайлақтардың пайдалануға жарамдылық, нормаларына сәйкестігінің кестелері, Қазақстан Республикасының азаматтық әуеайлақтарын пайдалануға жарамдылығы нормаларының талаптарына сәйкес анықталған тізбе бойынша графикалық материал.

7. Өтініш беруші рұқсат алу үшін ұсынған құжаттардағы мәліметтердің растығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады. Өтініш беруші құжаттарды толық емес көлемде ұсынған жағдайда уәкілетті орган оларды 7 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қайтарады. Бұл ретте өтініш беруші рұқсат алу үшін уәкілетті органға қайта өтініш беруге құқылы.

8. Уәкілетті орган рұқсат беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді осы Ережеге сәйкес өтініш беруші ұсынған барлық құжаттарды алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей қабылдайды.

9. Рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешімді қабылдау кезінде уәкілетті орган комиссияның қорытындысын негізге алады.

Комиссия өтініш берушінің ұсынған құжаттарының азаматтық авиация саласындағы заңнама талаптарына, мемлекеттік стандарттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сай болуын қарастырады.

10. Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш беруден тиісті қорытындыны дайындау үшін қажетті өзге де мәліметтер мен ақпаратты сұратуға құқылы.

11. Рұқсат беруден бас тарту мына жағдайларда болуы мүмкін:

- 1) әуе кемесінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкес келмеуі;
- 2) авиация техникасының, әуеайлақтың немесе әуежайдың мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмеуі;
- 3) тиісті сертификаттардың болмауы.

12. Өтініш беруші ұсынған құжаттарда шүбәсіз емес деректер айқындалған жағдайда, егер осындай айқындау әуе кемесінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкес еместігіне, авиация техникасының, әуеайлақтың немесе әуежайдың мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмеуіне әкеп соқтыратын болса, немесе тиісті сертификаттардың болмауын білдірсе, уәкілетті орган бұрын берген рұқсатын қайтарып алады.

13. Монополияға қарсы заңнамада белгіленген жағдайларда, осы Ережеде көзделген рұқсаттарды беру үшін монополияға қарсы органның қосымша келісімі талап етіледі.

Қосымша

Уәкілетті

органның

басшысына

Авиация техникасын, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүлктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына рұқсат алуға өтінім

1. _____
(азаматтық авиация ұйымының атауы)

2. Меншікке сатып алуға,
мүлктік жалға
лизингке
сенімгерлік басқаруға
өзге пайдалану құқығына қабылдауға
рұқсат беруге (қажетінің астын сыз)

3. Мына
авиация техникасы объектісін _____

(авиация техникасының атауы)

әуеайлақтарды _____

(мүліктің немесе техниканың атауы)

әуежайларды _____

(мүліктің немесе техниканың атауы)

4. Объекті (объектілер) пайдаланылатын мақсаттар

5. Азаматтық авиация ұйымының орналасқан жері

6. Күні _____

7. Азаматтық авиация ұйымы басшысының қолы

8. Азаматтық авиация ұйымының мөрі

М.О.